

А.Н.Мұқанова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: arna.nm@mail.ru)*

Күнделіктілік тарихы

Мақалада ХХ ғасырдың 60–80 жж. шалғай ауыл тұрғындарының күнделікті өмірін зерттеу мақсаты қойылған. Сонымен қатар зерттеу жұмысын ауыл тұрғындарының жадында сақталған ақпараттар арқылы жүргізу тарихшыға күнделікті тұрмысты біршама толық сезінуге мүмкіндік беретіні атап өтілді. Автор оқырманды ауыл жағдайымен, яғни, табиғи-климаттық орнымен, шаруашылығымен, айналысқан кәсібімен, әлеуметтік құрылымымен, саяси билікпен, өзін-өзі ұстау тәртібімен, дүниетанымымен, неке, жұмыс, қызмет, демалу, күйкі-тірлік, қарым-қатынас және т.б. таныстырады. Болашақта ол әр түрлі жастағы ауыл тұрғындарымен өмірді, дінді, ауыз әдебиетін, дәстүрді және т.б. қабылдауын, атқаруын, сақтауын зерттеуді қолға алмақ.

Кілт сөздер: күнделіктілік, күнделікті өмір, ауыл, тұрғындар, қазақ, ұлт, мәдениет, кеңес уақыты, тұрмыс, әдіс.

Кіріспе. Ауыл тұрғындары — қазақ халқының ұлт ретіндегі негізгі бөлігі. Ауыл қазақтарының тұрмыс-тіршілігі егжей-тегжейлі мақсатты түрде зерттелген емес. Кеңес үкіметі нық орнаған жылдардағы ауыл қазақтарының күнделікті өмірі арнайы зерттеуге негіз болмады.

Кеңес үкіметі жылдарындағы ауыл қазақтарының тұрмыс-тіршілігі — ескі мен жаңа қоғамаралық үдеріс, кеңес үкіметі құрылғаннан кейінгі нәтиже, жаңа қоғамға аяқ басқан жалғасты ұрпақ. Қатарынан бірнеше ірі өзгерістерді басынан өткерген заман адамдарының санасы, көңіл-күйі, мінез-құлқындағы өзгерістер және т.б. аса маңызды.

Бүгін кеңес жылдары орта буынды құраған азамат — ірі өзгерістердің көріпкелі. Қоғамаралық жалғастырушы, көп көрген адам. Күнделіктілік үшін маңызды ақпараттарды бере алатын тұлға. Маңыздысы дұрыс сұрақтар қойып санада бар мәліметтерді шығару. Күнделіктілік бойынша кәсіби біліктілікті барынша қолдану. Сонымен 60 пен 80 жас аралығындағы буын бірнеше кезеңдерді тікелей басынан өткermесе де өткен кезең мен жаңа, әрі тағы да бір жаңа кезеңге аяқ басқан азамат. Яғни, ол кеңес уақытына дейінгі және одан кейінгі екі жаңа қоғамның адамдары арасындағы жалғастырушы, ескі қазақ қоғамында өмір сүрген қазақ пен жаңа заман қазағын қатар көріп, тікелей араласу мүмкіндігіне ие болған. Қазіргі республикамыздың ауыл және қала қазақтарының алғашқы өкілдері, яғни маңызды зерттеу тобы.

Екіншіден, кеңес жылдарының ауыл қазақтары ұлттың сапалы бөлігі, яғни тілі, діні, әдет-ғұрып, салт-дәстүрі, мінез-құлқы таза қазақи тұрғыда сақталды, әрі қарай сақталуы, дамуы, өзгеруінде маңызды рөл ойнады. Ауыл қазақтарында ана тілінің, қазақы мәдениеттің жеңіл-желпі элементтерінің күнделікті өмірде болмаса да, санада сақталып, тіпті шама-шарқынша атқарылуы; қандай түрде, қалай іске асырылғаны, үкімет саясатына деген көңіл-күйі мен жасырын көзқарасы қаншалықты орын алғаны әлі күнге дейін көп қозғалмайды.

Ауыл қазақтарынан құрылған отбасыларының ұлт санына, тіліне, мәдениетіне, дініне, мінез-құлқына, деніне, дәстүрлі шаруашылығына бергені мол. Дегенмен, кеңес жылдарында ауыл жастарынан қалаға тартылған қазақтар қазіргі орыс тілді қазақтар бөлігін тудырды, бұл жеке мәселе. Қалаға тартылған ауыл жастары құрған отбасы тәрбиесінде үкімет саясатының мықтап, тез арада іске

асырылуы себептерін егжейлі зерттеу ұлттың әлсіз жақтарын көруге көмек береді. Ауыл қазақтары жастарынан қала тұрғындарына айналған (әсіресе солтүстік өңірлерде) бөлігінде қазақи отбасылық тәрбиенің ақсау себептері бүгінгі күннің басты салдары саналады, өз кезегінде, бұл кемшілікпен күресудің жолын табу, алдымен, сол уақыт қателіктерін зерттеумен байланысты.

Сонымен, кеңес жылдарындағы ауыл қазақтары қазіргі ұлттың бастапқы буыны саналатынын ескеріп, осы тұрғыдан жан-жақты зерттеу жүргізу көптеген сұрақтарға шешім береді. Сол заманның қатардағы ауыл қазағының санасында сақталған ақпараттар кеңес қоғамының ақтаңдақ тұстарын толықтырады. Кеңес саясатының ауыл қазақтарына ықпалын, себеп-салдарын ауыл күнделікті өмірінен хабардар болу арқылы тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.

Кеңес жылдарындағы қазақ тарихы біршама зерттелгенмен жекелеген қатардағы адамдардың пікірінен гөрі, арнайы зерттеулер мен мұрағат қорларында сақталған ресми құжаттар негізінде жазылды. Ауыл тынысы ауқымды оқиғалар мен өзгерістерді сипаттау тұрғысынан ірі оқиғалардың қатпарларында қалды.

Зерттеу әдістері. Күнделіктілік принципі бойынша, ең алдымен, тарихи оқиғалар ішіндегі жекелеген адамдардың тіршілігі бірінші орынға қойылады. Осы тұрғыдан ауыл қазақтарымен тікелей сұрақ-жауап диалогын орнату жұмысы бірінші орынға шығады. Дегенмен күнделіктілік тарихы дерекке, яғни біздің мысалымызда, ауыл өмірін баяндайтын еңбектерге ерекше қарайды, яғни маман осыған дейінгі деректер мәтінімен, мазмұнындағы ақпараттармен жұмыс жасаудан бас тартып, дерек мәтінін оқудың өзге түрін, яғни оның ішкі мағынасына бойлап, айтылмай қалған немесе қапаламда қалып қойған ойды анықтау жұмысын жүргізеді. Зерттеуші еңбек арқылы сол уақытқа, әлеуметтік топқа тән қоғамды құрастыру, сонымен қатар деректі жазушы авторлардың оқиғаны зерттеудегі ынтасын, оқиғаны түсінуіне қол жеткізуін анықтауды міндет қояды. Күнделіктілік тарихы мамандары өткенге қазы болудан бас тартып, дерек пен авторы арасында байланыс орнатуды жөн көрмейді. Мұның орнына дерекпен сұрақ-жауап диалог орнатып, диалог орнау мақсатында еңбекті жазған автор ойына келмеген сұрақтарды қойып, сол сұрақтарға жауап алуды мақсат тұтты.

Бұрын айтып кеткендей, ауызша тарих күнделіктілік бойынша отандық зерттеулерде елеулі орынға ие болды. Психологтар мен әлеуметтанушылар өңдеген автобиографиялық мәтіндермен жұмыс жүргізу әдістері тиімді болды. Сол әдістердің бірі сұрақ қоюшы жауап берушіден өзі және өмірі жөнінде жасырмай барлығын әңгімелеуді сұрайды, алынған ақпарат қосалқы мәліметтермен салыстырудан өтеді [1]. Аталмыш әдіс зерттеу объектісі үшін тиімді, мол ақпараттарға қол жеткізу мүмкіншілігімен ерекшеленуі мүмкін. Біздің мысалымызды зерттеу нысанына алынып отырған кеңес жылдарындағы ауыл тұрғындарымен сұхбаттау үшін тіптен қолайлы.

Зерттеушілер үшін өткенді тікелей сол заман қатысушыларынан сұрауға мүмкіндік болмаған жағдайда қолда бар дәстүрлі деректермен, оның ішінде жеке адамдардың естеліктері, күнделіктері және хаттарымен жұмыс істеуге мәжбүр дейміз. Бірақ кеңес дәуірінде жеке адамның төңірегінде зерттеу жүргізу ешбір саланың құзыретінде ескерілмеді. Яғни жеке адаммен байланысқа апаратын салалар, соның ішінде күнделіктілік, микротарих, металдық тарих, тарихи антропология, әлеуметтік антропология; психология мен әлеуметтануды былай қойғанда, тіпті этнологияның өзі тарих үшін шектеулі деңгейде қызмет етті. Сәйкесінше бұл салалардың әдістері қолданыста болмады. Этнология неғұрлым ерте, орта ғасырлар, жаңа заман кезеңдері тарихы үшін қызмет етті.

Сондай-ақ күнделіктілік психологиялық әдістерді қолдану арқылы, дәстүрлі тарихи зерттеу нәтижелерімен салыстырғанда неғұрлым субъектіленген білімді қалыптастырады. Күнделіктілікті зерттеуші еңбегі өзге біреудің ой мен сөзін талдау арқылы шындыққа жету, оның эмоционалдық тілінің «аудармасы» саналады [2]. Кезекте күнделіктілік жекелеген адамдардың өмірі бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізетін мамандар саласымен пәнаралық байланысқа түседі. Зерттеуші этнографиялық және әлеуметтанулық әдістер қатарынан еңбек авторының жеке басын зерттеуге өңделген түрін жиі қолданады. Қандайда бір мәтінді жазған адам жөнінде ақпараттар өзге деректерден іздеу арқылы, оның сол уақыттағы жасы, отбасылық жағдайы, психологиялық көңіл-күйі анықталған. Әсіресе этнологиялық-әлеуметтанулық әдістер стенограммаларды талдаумен жиі іске асырылған, яғни, сол уақыттағы қатысушыларды фокус-топ ретінде алып [2], олардың белгілі бір жағдайға байланысты ынтасын анықтаған.

Кейбір адамдардың қуаныштары, қайғысы, арманы және үміті тарихи деректерде білімсіз айтылып, тіпті құпияланып ұсынылатын жағдайда кездеседі. Нағыз кеңес жылдарындағы қоғамдық ағым етегіндегі халықтың жасырын эмоционалдық кейпін еске түсіреді. Мұндай жағдайдан шығу үшін, осыған дейін қолданылған мәліметтерді, мысалы: мерзімдік басылымдарды, фотосуреттерді,

тұрмыстық заттарды (қандайда бір кішігірім ақпараттарға қол жеткізу мақсатында) басқа мағынада қайта талдау іске асырылған; сондай-ақ күнделікті тұрмыстағы мәдени өзгешеліктерді айқын көру мақсатында шетелдік бақылаушылардың ойында қалыптасқан пікірлерді де есепке алған, яғни өзгенің көзімен бағалау арқылы тұжырымдар жасау.

Дегенмен, тарихшының өзіндік микротарихлық ізденісін барлық жиналған мәліметтерді өзара байланыстырып, белгілі бір жүйеге келтіру жұмысы іске асырғанда ғана, кішігірім элементтерден маңызды сұрақтарға жауап алуға болады. Осы тұрғыдан тарих пен әлеуметтануаралық байланыс жиі байқалады. Тарихи тақырып әлеуметтанушының қолжетімді деректер мен әдістерді қолдану арқылы зерттеуді қажет етеді, бірақ мұндағы мәселе — тарихшының екі пәнаралық зерттеуді іске асыра алуында. Ауыл қазақтарынан бастау алатын тарихты алдымен осы сияқты әдістер арқылы зерттеудің өзі біраз мәселенің басын көтеріп шешілуіне жол салар еді.

Феноменологиялық бағыт өкілі Э.Гуссерль «адамның күнделікті тұрмысының» маңыздылығына көңіл бөлу, ол «өмірлі әлем» [3], немесе «әлем өмірі, тынысы» (А.Н.), дегендей, кеңес жылдарындағы үлкен әлемнің тынысын жекелеген бөлшектерді, соның ішінде кішігірім ауыл тынысын зерттеу арқылы көруге болады. А.Шютц өмір сүріп жатқан әлемді алдын ала ойластырылған қоғам ретінде қабылдаудан бас тартып, әлемді адамдардың өткенді сипаттау естеліктерінен, болашақты болжаудағы ойларынан, қандайда бір дүниелерге деген құштарлықтарынан, күдіктерінен, жекелеген оқиғаларға байланысты іс-әрекеттерінен [4] құрастыру арқылы бейнелеуді ұсынса; біз үшін қазақтың түптамыры орналасқан ауыл қазақтарын сол параметрлерге салып зерттеу маңызды (Шютц бойынша).

«Күнделіктілік ұғымы жөнінде» мақаласында Н.Элиас: «Күнделіктілік азды-көпті болмасын жеке дара құрылымдық ерекшелікке ие емес, бірақ белгілі бір әлеуметтік тап құрылымының құрамдас бөлігі болып табылады; бір ғана тапты жеке қарастыруға болмайды, сондай-ақ күнделіктілік бүкіл қоғамның билік құрылымының бөлігі» [5], деген. Сондай-ақ, Н.Элиас алғашқылардың бірі болып қоғам мен жекелеген адамдарды бір-бірінен айыруға болмайтын, күрделі, әрі үнемі өз-ара байланыс, өзгеріс үстіндегі құрамдас аспекті [6] ретінде қарастырушы. Н.Элиас бойынша, кеңес жылдарындағы саясат пен ауыл қазағы мінез-құлқындағы елеулі өзгерістерді өзара байланыста зерттеу тіптен пайдалы.

Кезекте жеке адам және оның төңірегінде өрбіген өмір, яғни өзін-өзі ұстауы, ынтасы, сезімі, ішкі толғанысы, сөйлеу мәнері, мәдениеті және т.б. әлеуметтік нормалар үдерісін қадағалау мақсатында күнделікті өмір мысалында қарастырылды. Осы саланы өрбітіп дамытқан франкфурттық мектеп өкілдері және американдық әлеуметтанушылар [7, 8] ойларын да ескеру маңызды. Тұтас қоғамды зерттеуден гөрі, нақты өмір жағдайындағы жеке адам толғаныстарын зерттеу неғұрлым өнімді, әрі шыншыл ақпараттарға қол жеткізетінін француз мәдениеттанушысы А.Лефевр өз жұмыстарында [9] жазған. Дегенмен, жекелеген адамдарды зерттеу үдерісі оның мінез-құлқындағы өзгерістерге әсер еткен факторларды анықтауда қоғам, билік, саясат, үкімет, дін және т.б. сияқты жаһанды ағымдарды тудыратын құрылымдармен байланысатынан ескерген жөн. Тағы да аталмыш зерттеу үшін аса пайдалы, зерттеу үдерісінде ескеру керек — ол теория.

Зерттеу мәселесі. Ауыл — қазақ халқының негізгі тұрғылықты мекені. Ауыл шаруашылығының негізгі түрі мал өсіру — қазақ халқының негізгі кәсібі. Қазақ халқының мекен еткен жерімен сол жерге бейімделуі: мал және жер шаруашылығын тудырды, кейін жайдары ұлт менталитетін қалыптастырды.

Ауыл қазағы — бүгінгі барлық қазақтардың негізі қайнар көзі, ең алғашқы нұсқасы. Ауыл қазағының мәдениеті: әдет-ғұрып, салт-дәстүрі — жалпы қазақтың ортақ қазынасы, өзге ұлттар алдындағы ерекшелігі, кескін-келбеті. Ауыл қазағымен пайда болып қалыптасқан тіл, сенім, мәдениет, шаруашылық, мінез-құлық өзіндік табиғи даму эволюциясын өткеріп қоймай, сыртқы факторлардың әсеріне ұшырап, кейбір ерекшеліктері жойылып немесе алғашқы нұсқасынан айырылды.

Қазіргі нұсқадаға қазақ ауылдарының пайда болып, құрылу хронологиясы Кеңес үкіметінің, одан бұрын патшалы Ресей империясының саясатында қарастырылды. Бұл ауылдар бұрынғы қазақ даласында аштық, жұт, соғыс жылдарында қаңырап қалған елді мекендерден алыс емес нүктелерде орналасты. Түптеп келгенде, зерттеу жұмыстары әрбір ауылдың белгілі қазақ руының жайлауы, не қыстауы болғанын анықтайды.

Бүгінге дейін қызмет етіп отырған ауылдардың құрылған уақыттан бергі хронологиясы әр түрлі көрсеткіштерді құрайды және әрбіреуінің жеке құрылу немесе қалыптасу тарихы бар. Әрқайсысының

Кеңес үкіметі жылдары атқарған қоғамдық-экономикалық қызметі мен даму үдерісіне қосқан үлесі құжаттарда тіркелген. Негізінен, қоғамдық-экономикалық маңызы — мал өсіру мен егіндік жерлерді игеру арқылы мемлекетке өнім беру. Ауыл аталған екі саланың даму төңірегінде қызмет етіп, жалпы үкіметтің дамып, көркеюі жолында үлкен механизмнің маңызды әрі кішігірім бөлігін құрады. Кішігірім ауыл тұрғындары негізінен механизаторлардан және сол ауылға қажет деген бірнеше мамандардың отбасыларынан құралды. Механизаторлардың негізгі жұмыс науқаны жылдың төрт маусымының үш маусымында атқарылды. Яғни, ұланғайыр егістік жерлерді игеру. Сонымен қатар кішігірім ауылдардың төңірегінде орналасқан фермалар үкіметтің мыңдаған бастан тұрған қой шаруашылығын атқарды.

Ауыл тұрғындарының күнделікті өмірі қалыпты айналымға түскен уақыттан жақсы тұрмыстық деңгейді көрсетті. Әр отбасының өз жеке меншігінде сауын сиыры, соятын қойы, мен қысқы соғымының көзі, яғни аздаған жылқысы, болды. Отбасылар негізінен көп балалы және көп туысты ағайындардан құралды. Бір ауылда екінші, үшінші, төртінші ұрпақтарды құрайтын отбасылар, жеке-жеке, жақын орналасып немесе сол ауыл ішінде немесе сол ауыл қарайтын аудан төңірегінде мекендеді. Әр отбасында көп дегенде он, он екі, аз дегенде бес, алты баладан құралған жекелеген ошақтар дамып, өрбіді. Балалар кішігірім ауылда 1–3, орта көлемдегі ауылда 1–9, біршама ірі ауылдарда 1–10 кластық ауыл мектептерінде білім алып, кейін жоғарғы, орта деңгейдегі оқу орындарына түсу мақсатымен қалалық орталықтарға жөнелтілді. Жоғары оқу орнына түсудің үкімет ұсынған бірнеше жолдары мен жеңілдіктері болды: жалпы орта, жоғарғы білім үкімет тарапынан тегін ұсынылып, ай сайын студенттік стипендия төленді. Сонымен қатар студенттің тұратын жері, оқу материалы, кәсіптік тәжірибесі мен диплом алғаннан кейінгі жұмыс орны үкіметпен қамтамасыз етілді. Негізінен ауылдық жерлерге жөнелтілді. Жұмыс қызметін атқару жерінен тұрғын үйі де біртіндеп үкіметпен қарастырылып шешілді. Бірақ ауыл жастарының көпшілігі өз ауылында қалуды жөн көрген сыңай танытты. Ауыл кәсібімен айналысу, әкесінің орнын басу немесе сол кәсіпті меңгеріп қызмет ету, үй тұрмысындағы шаруашылықты атқару, күнделікті малды бағу, қора-қопсы шаруашылығы және т.б. Дегенмен, ауыл жастарының ішінен суырылып шығып, өз қабілетіне қарай, әр түрлі салаларды білім тұрғысынан жетілдіру үшін арман қуып қалаға тартылғандары, негізінен, қазіргі қала қазақтарының алғашқылары саналады. Ауыл қазақтарынан шыққан әр түрлі маман иелері кездейсоқтықтан тым аулақ болды, әрқайсысы жоғары да айтып кеткендей, өз қабілетіне қарай мамандықтарды таңдап, шыңдады. Әркім қолынан келген саланы шыңдап, әрі қарай даму жолында еңбек етті.

Қоғамның қойған талабы, әсіресе жоо студенттеріне қойған сұраныстары тым жоғары әрі қатал болды. Ең жақсы қазақтардың Мәскеу оқуға мүмкіншіліктері болды, яғни, алтын алқаға бітірген мекепе оқушылары, қызыл диплом иегерлері. Осылай, бір жағынан, қала студенттерімен, екінші жағынан, Мәскеу жоо студенттері мен аспиранттарына айналған қазақ жастарынан орыс тілді қазақ контингентінің қалыптасу үдерісі басталды. Олар сол контингенттің бірінші тобы саналса, олардың балалары нағыз орыс тілді қазақтардың екінші әрі нағыз орыстанған бөлігі. Әрине, ауыл қазақ жастарының Кеңес үкіметі жылдары орыстануының себебі жалғыз бұл үдеріс болмаса да, негізі факторы. Сонымен қатар ауыл жастары қазақтарының орыстану үдерісі, негізінен, кеңес жылдарындағы қала өмірінен, оның ішінде Солтүстік, Орталық, Шығыс Қазақстанның облыстарындағы қалалық мекендерден бастау алды. Осы тұрғыдан оңтүстік мекендерде жағдай біршама қалыпты болған сыңай танытады. Мұның да себептерін мен қыр-сырын күнделіктілік тұрғысынан анықтау маңызды әрі мүмкін, яғни, оңтүстік облыстар қазақтарының мінез-құлқындағы ерекшеліктер, оның жағымды жақтары мен оған әсер еткен факторларды, немесе орыстану саясатының ықпалының қаншалықты қолжетімді болғанын және т.б.

Кішігірім ауыл бір қабатты жер үйлерден тұрды. Әкімшілік құрылым: ауыл басшысынан және оның тобынан тұрды. Сонымен қатар пошта, медициналық пункт, дүкен, ауыл клубы, мектеп, кітапхана мекемелері жеке-жеке шоғырланды. Кеңес үкіметі жылдары бұндай ауылды отделение деп атаған. Яғни белгілі бір совхоздың 3–4 отделениесі аз деген де 40, көп дегенде 100-ден астам үйден тұрды. Әрбір ауыл қазақи мағыналы немесе Кеңес үкіметінің желеулеріне сәйкес ресми атауларымен аталды. Үйлер кешені негізінен екі отбасына арналған қосылған екі пәтерлі үйлерден тұрды. Бұл үйлерді совхоздың үйі деп атады. Ауыл үйлері тегіс пеш жүйесі арқылы, көмір жағып жылытылып, құдық суымен қамтамасыз етілді. Жарық жүйесімен қамтамасыз етілген. Тағам дайындау үшін пеш пен газ балондары қолданылған. Бұл әлі күнге дейінгі жалпы тұрмыстық жағдайдың көрінісі.

Ауыл өмірінің күнделікті тыныс-тіршілігі баяу жүрді, әрбір қызмет асқан байыппен атқарылды. Ауыл өмірінің күнделікті тіршілігі таңғы сағат 6–7 жетілерде, сауын сиырын байлап сауудан, жаз уақытынды жылқыны байлау, қойды өріске айдау, ал сағат 9-ға қарай, қандайда бір жауапты қызметте болсаң, жұмыс орнына барумен жалғасты. Жұмыс сағаты, әдеттегідей, сағат 9-да басталып, кешкі сағат 6-да аяқталды. Ал ауыл ер адамдары тегісі техникасына отырып, егістік жерлерді игеру науқанына жол тартты. Егістік жерлер ауыл маңынан бірнеше шақырым жерлерде, жазық далалы аймақты қамтиды. Егістік жерлер көлемі бірнеше шақырым далалық алқапты құрады. Негізінен мал шөбі, жемі және астық науқынымен айналысты. Егістік жерлермен айналысуға қажетті техника мен отын толықтай үкіметпен қамтамасыз етілді, шаруашылық қажеттіліктермен және одан түскен өнімнің көлемімен ауыл әкімшілігі, яғни, управляющий және оның төңірегіндегі, агроном, инженер, бухгалтерлер айналысты. Сонымен қатар жұмыскерлердің жалақысының уақытымен берілуі де үкіметпен, тиісті әрі уақытымен жүрді. Жұмыскердің жалақысы күнделікті тіршілігіне жетіп, үкімет қассасында жинауға да мүмкіндік берді.

Осы сияқты ауыл қазақтарының тұрмыс-тіршілігі кәдімгі қазақи қарым-қатынастан тұрды. Ауыл қазақтары қазақ тілінде сөйледі, қазақ тілінде оқыды, тіпті орыс тілін білмеуі де мүмкін еді. Бірінші орында туыстық қатынас тұрды. Әрбір отбасы мүшесі өзінің туыстарын аз уақыт өлшеммен өлшеген күннің өзінде жеке-жеке отбасыларына айналып кеткенге дейін тығыз қарым-қатынастық жағдайды сақтады. Ал әке-шешелеріне, ата-әжелеріне деген құрмет бірінші орында тұрды.

Кеңес үкіметімен құрылған ауылдардың қоғамдық бағыты мен принциптері белгілі, дегенмен өткен кезеңнен бері келе жатқан қария, яғни сол қоғамның 70–90 жастағы ауыл тұрғыны таза қазақи буыны. Әрбір қарияның сол қоғамға келіп жету тарихы әр қилы. 70–80 жылдары өмір сүрген 80–90 жастағы ер адам, қария әрбір ауылда саусақпен санап аларлықтай аз еді. Көпшілігі кеңес үкіметінің құрылу жылдарында әр түрлі оқиғалар барысында қаза болды. 80-жылдары өмір сүрген, 80-нен асқан қарияның айтары жоқ еді. Ал осы жастағы жалғыз, жесір қалған әжелер әр отбасының ұйтқысы болды. Тіпті бір үйде екі қария әженің болуы да жиі ұшырасты. Біреуі сол үйдің отағасының, екіншісі әйелдің анасы немесе екеуі ағайынды болып келетін. Сонымен ауыл қазақтарының жастық категориясын орта көрсеткішпен жүйелеп шығаратын болсақ, ең қариясы 1-категория: 70–90, орта жастағысы 2-категория: 40–60, жастар 3-категория: 20–30, балалар 4-категория: 0–16 деп қарастырсақ, бірінші категория аралығындағы қазақтардың ең қариясы ХХ ғасырдың 20–30-жылдығындағы 30 жастағы, Ұлы Отан соғысы (ҰОс) жылдарындағы 40-тан асқан азамат. Шын мәнісінде мұндай ер адамдар біз қарастырып отырған уақытта саны жағынан тым аз ұшырасты. Дегенмен, көзі тірілерінің әрқайсысының өз тарихы болды. Кеңес қоғамы үшін олар негізінен ҰОс ардагерлері саналды, осы тұрғыдан құрмет тұтты, әлі де қадірлі. Бұл адамдар ҰОс дейінгі тарихтың куәгерлері болғанын ескерсек, әрқайсысының сол уақытта басынан өткерген өз шежіресі жабық тақырып. Қилы заманның ащы-даты сүйегіне дақ қалдырған ер азамат үшін өткен тарихты тарқату мүмкін болмады. Дегенмен отбасы ошақ қасы отырып әжелердің басынан өткен қилы әңгімесін тыңдаған ұрпақтың сол немерелердің өзі бүгін 40–60 жас аралығындағы қазақтар. Әжелер әңгімесінің желісімен 20–70 жж. аралығындағы Кеңес үкіметі тарихын жаңаша құрастыру күнделіктілік тарихы құзыреттілігінде. Мәселен, 20–30 жж. ауыл қазақтарының бірнеше қасіретті төңкерістерді бастан өткергеннен кейінгі босқындарға айналу уақытындағы тарихы, яғни тірі қалғандардың мекені, тұрақ еткен жерлері, киген киімі, ішкен тағамы, бір сөзбен айтқанда, күнделікті өмірі қалай жүргені басы ашық кезеңдер тарихы. Төңкеріс ошақтарынан алыс шоғырланған мекендердегі қазақтарының тұрмыс-тіршілігі мүлдем тыс қалған тарих. Осы ақтаңдақтардың барлығы дала қазақтарының санасында сақталып, олармен бірге 70–80 жж. тыныш заманға келіп жетті. Кеңес жылдарындағы білім, ғылым, талаптары ең жоғарғы, әрі сапалы саналды, мұның нәтижесі шебер мамандардың өндіріліп шығуы. Қазақ жастарынан да тамаша мамандар, соның ішінде тарихшылар білім алып, қызмет етті. Қоғам талабына бағыныштылық, жазылған еңбектер мен жүргізілген зерттеулердің мұқият тексерістен өтуімен жарыққа шықты. Әр қазақ тарихшысы нені жазуға болмайтынын нақты білді. Қоғам талабына сәйкес білім алған адамның тәжірибесі мен біліктілігі тау, жер қопаруға, жетік дәрігер, инженер және т.б. болуға аударылды. Сондай-ақ қазақ үшін бір мезет тыныштық қажет болған сынай танытты.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Деятко И.* Модели объяснения и логика социологического исследования. — М., 1976. — С. 93.
- 2 *Пушкарева Н.Л.* История повседневности» как направление исторических исследований. — [ЭР]. Режим доступа: www.perspektivy.info/.../istorija_povsednevnosti (дата обращения 13.06.2014).
- 3 *Мотрошилова Н.В.* Принципы и противоречия феноменологической философии. — М.: Высш. шк., 1968. — 128 с.
- 4 *Ионин Л.Г.* Понимающая социология. Историко-критический анализ. — М.: Наука, 1979. — С. 116.
- 5 *Калинина О.С.* Повседневная жизнь немецкого крестьянства: Автореф. дис. ... канд. ист. наук. — Саратов, 2012. — С. 24.
- 6 *Осипов Г.В., Митина С.М.* Конфронтация социологических идей / Отв. ред. Г.В.Осипов. История социологии в Западной Европе и США. — М.: Норма, 2001. — С. 522.
- 7 *Маркузе Г.* Одномерный человек. — М.: Reft-book, 1994. — 368 с.; *Бергер П., Лукман Т.* Социальное конструирование реальности. — М.: Медиум, 1995. — 323 с.
- 8 *Гарфинкель Г.* Исследования по этнометодологии. (Мастера социологии). — СПб.: Питер, 2007. — 335 с.
- 9 *Lefèbvre H.* *Everyday Life in the Modern World.* — London: The Penguin Press, 1971.

А.Н.Муканова

История повседневности

Автор поставил целью исследовать повседневную жизнь казахов отдаленных аулов на протяжении нескольких поколений — с конца 60^х по начало 80^х годов прошлого столетия, что стало возможным благодаря воспоминаниям жителей аулов. Автор знакомит читателя с природно-климатическими условиями, земледелием, скотоводством, социальными структурами, политикой власти, а также показывает мировосприятие, отношение к браку, семье, работе, отдыху и т.д. Автор в последующем, ставит задачу реконструировать восприятие жителями аулов разных возрастов их религиозных верований, фольклора, традиций и т.д.

A.N.Mukanova

History of Everyday Life

The author aims to explore the daily life of the Kazakhs in remote villages stretch of several generations since the late 60 and early 80s of the last century. As the author emphasizes that the study was possible thanks to preserved the memory of the inhabitants of the villages and it enables the historian to «see» life in all its details. The author acquaints the reader with the situation: natural-climatic conditions, farming, animal husbandry, social structures, politics of power; behavior, perception, marriage, work, leisure, care, communication, etc. The author subsequently, seeks to reconstruct the perception of residents of villages of different ages of their religious beliefs, folklore, traditions and so on.

References

- 1 *Deviatko I.* *Models explanation and logic of sociological research*, Moscow, 1976, p. 93.
- 2 *Pushkareva N.L.* *The history of everyday life as the direction of historical research*, www.perspektivy.info/.../istorija_povsednevnosti (date of 13.06.2014).
- 3 *Motroshilova N.V.* *Principles and contradictions of phenomenological philosophy*, Moscow: Vysshaya shkola, 1968, 128 p.
- 4 *Ionin L.G.* *Interpretive sociology: Historical-critical analysis*, Moscow: Nauka, 1979, p. 116.
- 5 *Kalinina O.S.* *The daily life of the German peasantry*: Abstract of dissertation for the degree of candidate of historical sciences, Saratov, 2012, p. 24.
- 6 *Osipov G.V., Mitina S.M.* *The confrontation of sociological ideas* / Ed. G.V.Osipov. History of Sociology in Western Europe and the United States, Moscow: Norma, 2001, p. 522.
- 7 *Marcuse G.* *Dimensional Man*, Moscow: Reft-book, 1994, 368 p.; *Berger P., Lukman T.* *The Social Construction of Reality*, Moscow: Medium, 1995, 323 p.
- 8 *Garfinkel G.* *Studies on ethnomethodology (Master of Sociology)*, Saint-Petersburg: Peter, 2007, 335 p.
- 9 *Lefèbvre H.* *Everyday Life in the Modern World*, London: The Penguin Press, 1971.